

Хаттама №1

Күні: 28.08.2020

Катысқаны:
Катыспағаны:

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оку жылындағы оку жұмыс жоспарларын, аттестация комиссия мүшелерін, сыйнып жетекшілерін бекіту және тагайындау;
2. Мектепте ҚО пайдаланылатын білім беру интернет платформаларымен танысу;
3. Жаңа оку жылында білім алушыларды бағалау ерекшеліктері;
4. 1-4 кезекші сыйныштардың жұмыс режимі және жұмыс істеу қагидалары;
5. Педагог имиджі мен этикетті сактау;
6. Ағымдагы мәселелер

Бірінші мәселеде директордың оку ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хакимжанова 2020-2021 оку жылының максаттары мен міндеттерін таныстырып өтті. Оку-тәрбие жоспарын, дарынды балалармен жұмыс жоспарлары бекітілетіні, окушылардың жеке іс-кағаздары, электронды журналдардың, төртінші сыйныстан бесінші сыйнышка көшкен сыйныштардың қалыптасу жағдайы тексеріліп, қадағаланатыны жайлы баяндады. Сонымен бірге күнтізбелік-такырыптық жоспарды бесінші қыркүйекке дейін тапсырып, бекіту керектігін ескертті.

Мектеп директоры А.А.Түркестанбаева мектептік аттестациялау комиссиясы мүшелеріне мектеп директорын А.А.Түркестанбаева, директорлың оку ісі жөніндегі менгерушілерін К.М.Хакимжанова, бірлестік жетекшілерін Б.К.Абілсентова, Г.З.Байгаскинова, Б.К.Қойшыбаева, А.К.Жунусова, Р.Ж.Камышева тагайындалды.

2020-2021 оку жылына әр сыйнышка сыйнып жетекшілерін, оның ішінде 7 «ә» сыйныштың жетекшісі декреттік демалыска кетуіне байланысты оның орынына физика пәнінің мүгалимі А.М.Сейтказиеваны тагайындалды. Сала бойынша бірлестік жетекшілері болып - Б.К.Абілсентова, Г.З.Байгаскинова, Б.К.Қойшыбаева, Р.Ж.Камышева, А.К.Жунусова сонымен бірге жас мамандарға тәлімгер С.Т.Татенова, Г.Е.Сулейменова тагайындалды.

Екінші мәселе бойынша директордың оку ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хакимжанова ҚО пайдаланылатын білім беру интернет платформаларымен таныстырып отті. Олар: классерум, zoom, kundelik.kz, bilimland.kz.

Bilimland.kz. палатформасына сабак кестесі мен бірге кажетті мәліметтердің бәрі енгізілетінін атап айтты. Zoom платформасымен жұмыс жасау жолын ата-ана мен окушыларға түсіндіріп айту керектігін сыйнип жетекшілерге ескертті.

Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хакимжанова аталған интернет платформаларының әркайсыына тоқтальып, олармен қалай жұмыс жасау керетігі жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізді.

Үшінші мәселедегі жаңа оку жылында білім алушыларды бағалау ерекшеліктері туралы директордың оку ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хакимжанова айттып өтті. Қалыптастыруышы бағалау он балдық жүйеде бағаланады. Ол білім бойынша жиынтық бағалаудың жиырма бес пайызын құрайды, Бірінші сыйныштарда бағалау жүргізілмейді. Күнделікті сабакта 2-11 сыйныштарда 1-10 балдық бағалау жүргізіледі.

Төргінің мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Түркестанбаева бастауыш сыныптарда ата-аналардың өтінішімен кезекші сыныптар ашылғандығын айтты, кезекші сыныптарга сабак беретін ұстаздармен таныстырып отті.

Кезекші сынып мұғалімдеріне окушыларды бет пердемен ата-аналары қамтамасыз ету керектігін және бет пердені баланың уакытылы ауыстырып отыруын қадағалау керектігін ескертті. Кезекші сынып мұғалімдері мен кіні қызметкерлерді бет пердемен мектеп қамтамасыз ететінін айтып отті.

Бесінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кенестің төрайымы А.К.Джалмураева кашықтықтан оқыту кезіндегі мұғалімнің өзін-өзі ұстауы мен жалпы педагогикалық әдеп жөнінде өзінің ой-пікірімен болісти.

Алтыншы ағымдагы мәселеде мектептің кітапханашысы мектептегі окулық корымен таныстырып отті. Бастауыш сыныптарга оқулыктар толыктай жетеді. 5.8.10 сыныптар, аздаган кітаптар жетіспейтіндігін, ол кітаптарды аудандагы мектептерден сұраныс жасайтынын айтты.

Мектеп директоры А.А. Түркестанбаева аттестациядан отіп, жана дәрежеге не болған ұстазлардың куәліктерін табысталды. Мектептің оқу-тәрбие ісіне еңбек сінірген ұстаз Д.У.Мажитова «Құрмет грамматасымей» марарапталды. Биылғы оқу жылының ерекшелігіне сәйкес жоғарғы оқу орнының кызыл дипломмен аяқтаған Ергеш Нұреулуға модератор жүйелігі табысталды. Мектеп директоры А.А.Түркестанбаева мектепке жаңадаң кабылданған ұстаздарды таныстырып отті.

Қаулы:

- 1) 2020-2021 оку жылының максаттары мен міндеттері, оқу-тәрбие жоспарының жоспарлары бекітіліп, жүзеге асыруға қаулы етілді.
- 2) Сала бірлестік жетекшілері мен мектеп әкімшілігі мүшелері аттестациялау комиссиясының мүшелері болып бекітуге қаулы етілді.
- 3) 7 «Ә» сыныбының сынып жетекшісі болып физика пәннің мұғалімі А.М. Сейтказиеваны бекітуге қаулы етілді.
- 4) Қашықтықтан оқытуда классерум, zoom, kundelik.kz, bilimland.kz. интернет платформаларын жүзеге асыруға қаулы етілді.
- 5) Кезекші сыныптарга сабак беруі үшін бүйрекпен бекітілген ұстаздар кабылдануға қаулы етілді.
- 6) Педагогикалық әдеп жөніндегі кенестің төрайымы А.К.Джалмураеваны, хатшысы А. Кенжалинаны бекітуге қаулы етілді.
- 7) Жетіспейтін оқулыктарды аудан мектептерінен сұраныс жасау арқылы толықтыруға қаулы етілді.

Педагогикалық кенестің төрайымы

мектеп директоры:

Хатшы:



А.А.Түркестанбаева

А.К.Сиздикова